

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

«БЕКІТІЛГЕН»

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» ҚЕАҚ
Басқармасының шешімімен
Хаттама № 5



2024 ж.
проф. Н.О. Дулатбеков

«БЕКІТІЛГЕН»

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» ҚЕАҚ
Директорлар Кеңесінің шешімімен
Хаттама № 5 « 21 сәуір » 06



2024 ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
7М01601-Тарих
Деңгейі: магистратура

Қарағанды қ.
2024

КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ «7М01601-Тарих»

<p>«КЕЛІСІЛДІ»</p> <p>Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының басшысы</p> <p> Б.Х. Абдикерова</p> <p>2024 ж. « 15 » « 03 »</p> 	<p>«КЕЛІСІЛДІ»</p> <p>«№36 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ директоры</p> <p> Ж.Н. Ракишева</p> <p>2024 ж. « 15 » « 03 »</p> 
--	--

7M01601 -«Тарих» білім беру бағдарламасы келесі нормативті құжаттар негізінде құрастырылған:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;
- ҚР БҒМ «Кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» 20.04.2011 жылғы №152 бұйрығы;
- Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссияның 16.03.2016 ж. ҰБК;
- 2018 жылғы 13 қазандағы №569 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуіші;
- ҚР ҰҚМ 20.07.2022 ж. № 2 бұйрығымен бекітілген ҚР жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
- «Педагог» кәсіби стандартының (ҚР ЖП 15.12.2022 ж. №500 бұйрығымен бекітілген);
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері (профессор-оқытушылар құрамы) үшін кәсіптік стандарт.

№	Білім беру бағдарламасының толықжаты	Беттер
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	5
2	Білім беру саласының коды және жіктелуі	5
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	5
4	Кредиттер көлемі	5
5	Оқу түрі	5
6	Оқу тілі	5
7	Берілетін академиялық дәреже	5
8	Білім беру бағдарламасының түрі	5
9	БЖХС бойынша деңгейі	5
10	ҰБШ бойынша деңгейі	5
11	СБШ бойынша деңгейі	5
12	Білім беру бағдарламасының ерекшелігі	5
	ЖОО партнер (серіктес)	
	ЖОО партнер (серіктес)	
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	5
14	Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі	5
15	Білім беру бағдарламасының мақсаты	5
16	Түлектің біліктілік сипаттамасы	5
	а) Біліктілік пен лауазымдар тізбесі	5
	б) Кәсіби қызмет саласы мен объектілері	5
	в) Кәсіби қызмет түрлері	6
	г) Кәсіби қызметінің функциялары	6
17	Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау	7
18	Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау	7
19	Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы	8
20	Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН)	16
21	Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері	17
22	Түлек моделі	19

Білім беру бағдарламасының төлқұжаты

1 Білім беру бағдарламасының коды мен атауы: 7M01 Педагогикалық ғылымдар

2 Білім беру саласының коды және жіктелуі: 7M016 гуманитарлық пәндер бойынша педагогтарды даярлау

3 Білім беру бағдарламаларының тобы: M016 тарих педагогтарын даярлау

4 Кредиттер көлемі: 120 ECTS

5 Оқу түрі: күндізгі

6 Оқу тілі: қазақ, орыс

7 Берілетін академиялық дәреже: 7M01601-Тарих білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі

8 Білім беру бағдарламасының түрі: қолданыстағы

9 БЖХС бойынша деңгей: 7

10 ҰБШ бойынша деңгей: 7

11 СБШ бойынша деңгей: 7

12 Білім беру бағдарламасының ерекшелігі: жоқ

13 Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі: KZ83LAA00018495 28.07.2020 ж. №016

14 Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі: Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік (IQAA). SA-A мамандандырылған аккредиттеу туралы 2019 ж. 27 мамырдағы № 0156/4 куәлік, куәліктің қолданылу мерзімі: 2019 жылғы 27 мамыр - 2024 жылғы 24 мамыр

15 Білім беру бағдарламасының мақсаты: «7M01601-Тарих» білім беру бағдарламасының мақсаты – отандық білім беру жүйесінде сұранысқа ие және гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылыми-зерттеу қызметіне ынталы, жоғары білікті және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау

16 Түлектің біліктілік сипаттамасы

а) Біліктілік пен лауазымдар тізбесі

-зерттеуші-мұғалім;

- аға оқытушы;

- оқытушы-ассистент;

- ұйым басшысы;

- құрылымдық бөлімшенің басшысы;

- құрылымдық бөлімше басшысының орынбасары.

б) Кәсіби қызмет саласы мен объектілері

7M01601-«Тарих» білім беру бағдарламасының осы бағыты бойынша түлектердің кәсіби қызмет саласы:

- ҚР ЖОО-да, колледждер мен лицейлерде оқытушылық қызмет;

- білім алушылардың тұлғасын дамыту бойынша тәрбие қызметі;

- білім беру мекемелеріндегі ғылыми-зерттеу және инновациялық-әдістемелік қызмет;

- мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердегі басқару қызметі.

7M01601-«Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша магистрлердің кәсіби қызметінің объектілері болып табылады:

- ғылыми-зерттеу орталықтары;

- білім беру мекемелері: лицейлер, колледждер, ЖОО;

- мемлекеттік басқару органдары;

- коммерциялық және коммерциялық емес кәсіпорындар.

в) Кәсіби қызмет түрлері

- диагностикалық-студенттің жеке басын, оқыту, тәрбиелеу және дамыту нәтижелерін зерттеу;
- ұйымдастыру-технологиялық (педагогикалық технологиялар негізінде оқыту және тәрбиелеу процесін ұйымдастыру);
- басқарушылық-педагогикалық ("субъект-субъект" өзара іс-қимылы, білім берудегі менеджмент);
- жобалық (Жоғары мектептегі білім беруді модельдеу);
- ғылыми-зерттеу (білім беру мәселелерін шешудегі шығармашылық ізденіс, педагогикалық тәжірибені зерттеу, рефлексия).

г) Кәсіби қызметінің функциялары:

- оқу-әдістемелік;
- ғылыми-зерттеу;
- тәрбие;
- ұйымдастыру-әдістемелік;

Әлеуметтік сала салалары үшін ғылымның тиісті бағыттары бойынша пәндерді іргелі білім беру, әдіснамалық және зерттеу даярлығын және тереңдете зерделеуді көздейді.

17. Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік түрі	Оқыту нәтижесінің коды	Оқыту нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills)	ОН 1	Магистрлік диссертацияны жазу және ресімдеу бойынша әдістемелік нұсқауларға сәйкес ғылыми зерттеуді орындайды, дүниетанымдық сипаттағы білімі бар.
	ОН 2	Қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын іске асыруға ықпал ететін ғылым тарихы мен философиясының, жоғары мектеп педагогикасы мен басқару психологиясының өзекті білімдерін көрсетеді.
	ОН 3	Тарих әдіснамасы мен тарих ғылымының әлеуметтік функцияларының рөлі мен маңызына баға береді, тарихи деректерді ішкі және сыртқы сыннан өткізіп, ХХ ғасырдағы қоғамдық-саяси қозғалыстардың қалыптасу процесін талдайды.
	ОН 4	Ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды, ғылыми зерттеу процесінің логикасын құруды, зерттеу процесінің кезеңдерінің құрылымы мен мазмұнын құрастыруды біледі.
	ОН 5	Кәсіби қызметтің міндеттерін шешу үшін үш тілде ауызша және вербалды емес нысанда еркін, қол жетімді және сенімді коммуникацияға түсе алады.
2. Цифрлық құзыреттіліктер: (Digital skills)	ОН 6	Әртүрлі қызмет түрлерінде АКТ-ны пайдалану білімі мен дағдыларын меңгерген.
	ОН 7	Ғылыми бағытты, тақырыпты, гипотезаны, ғылыми-зерттеу, магистрлік жұмыстарды жазудың әдіснамалық тәсілдерін айқындауда іскерліктерін көрсетеді.
3. Кәсіби құзыреттіліктер: (Hardskills)	ОН 8	Қазіргі демографиялық құбылыстар мен процестердің, тарихи даму мен урбанистиканың негізгі терминдерін, ұғымдарын, категорияларын, факторларын, тенденциялары мен заңдылықтарын пайдаланады.
	ОН 9	Практикалық қызмет барысында өзінің кәсіби дайындық деңгейін бағалайды.
	ОН 10	Архивтану ісі мен музейтанудың өзекті мәселелері, Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарының қалыптасу тарихы, этнология мен этникалық тарихтың жаңа ұғымдары бойынша білімдерін

		көрсетеді.
	ОН 11	Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының педагогикалық процесін ұйымдастыру, жоспарлау мен басқаруда тұлғаға бағытталған және технологиялық тәсіл дағдыларын меңгереді.
	ОН 12	Шетелдік және отандық тарих пен ғылым философиясының даму үрдістерін философиялық талдау негізінде қазіргі ғылыми білімнің өзекті бағыттары бойынша өзіндік зерттеу ұстанымын дәлелдейді.

18. Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модульдің атауы	Пәндер атауы	Көлемі (ECTS)		
ОН-1, ОН-3, ОН-6, ОН-7	Әлеуметтік-гуманитарлық білімнің философиялық және тарихи аспектілері	Ғылым тарихы мен философиясы	4		
		Жоғары мектептің педагогикасы	4		
		Басқару психологиясы	4		
		Педагогикалық практика	4		
ОН -2, ОН-5, ОН-8, ОН-12	Кәсіби тілдер және этнология	Шет тілі (Кәсіби)	4		
		Этнологиялық зерттеулердің жаңа тұжырымдамалары Ерте және қазіргі Қазақстандағы этникалық және этномәдени процестер	5		
ОН-1, ОН-2, ОН -3, ОН -7	Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру, жоспарлау және тарихты оқыту әдістемесі	Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру Гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау	5		
		Отандық тарихты оқыту әдістемесіндегі инновация Қазақстандағы жоғары мектептің даму тарихы	5		
		Педагогикалық ойдың тарихы	4		
ОН -1, ОН-3, ОН-4, ОН-5, ОН-7, ОН-8	Тарихи пәндерді оқытудың теориясы мен әдістемесі	Жоғары мектепте тарихты оқыту әдістемесі	4		
		Еуразияшылдық: теория және практика	4		
		Қазақстанның мәдени мұрасы: деректер мен қазіргі жағдайы (ағылшынша) Қазақстандағы XX ғасырдағы тоталитарлық режим	4		
ОН-1, ОН-2, ОН-4, ОН-5, ОН-8, ОН-9, ОН-10, ОН-11, ОН-12	Тарих ғылымының өзекті мәселелері	Қазақстан тарихы шетел деректерінде Қазақ интеллигенциясының қалыптасу тарихы	4		
		Тарихтың заманауи теориялық негіздері Тарих ғылымының методологиясы	4		
		Қазақстан тарихы тарихнамасының өзекті мәселелері XX ғасырдағы Ресей мен КСРО сыртқы саясатының өзекті мәселелері	6		
		Шетелдік тарихнамадағы жаңа бағыттар Ресей мен Кеңес мемлекетінің тарихы	5		
		Әлемдік интеграция және жаһандану: өркениеттік аспект (ағылшынша) Диаспорология	5		
		Зерттеу практикасы	13		
		ОН-10, ОН-11, ОН-12	Ғылыми-зерттеу жұмысы	Тағылымдамадан өтуді және магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда, магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	24
		ОН-11	Қорытынды аттестатау	Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау	8
	Барлығы		120		

19. Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

NN п/п	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредитер саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)											
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12
Негізгі пәндер циклі ЖОО компоненті															
D1	Ғылым тарихы мен философиясы	Ғылыми танымның дамуға бейімділігі мен өзгеріп отыратын әлеуметтік-мәдени бейінінің маңыздылығы туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Ғылымның философиясы, әдістемесі туралы, ғылым танымдық қызмет және дәстүр ретінде, әлеуметтік институт және қазіргі өркениеттегі мәдениеттің ерекше саласы ретінде сұрақтар қарастырылады.	4	+											
D2	Жоғары мектептің педагогикасы	Жоғары білімнің қазіргі парадигмасы және жоғары мектептегі ғылыми қызмет теориясы туралы түсінік қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Педагогика, кәсіби шебер-мамандарды тәрбиелеу, білім беру ұйымдарында оқытудың кәсіби дағдылары, жоғары мектепте педагогикалық бақылау және білімді бағалау туралы сұрақтар қарастырылады.	4	+				+							
D3	Басқару психологиясы	Басқарушылық қызметтің психологиялық заңдылықтары, менеджер қызметінің құрылымында әлеуметтік-психологиялық білімді пайдалану ерекшеліктері, тиімді басқарудың негізінде жатқан әлеуметтік-психологиялық принциптерді талдау дағдылары, басқару психологиясының теориялық ережелері мен өзекті мәселелері; басқару психологиясының ерекшеліктері, басшының жеке ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.	4	+				+							
D4	Шет тілі (кәсіби)	Кәсіби қарым-қатынас жағдаяттарында тиімді қарым-қатынас жасау үшін пәндік саладағы шетел тілінің сөйлеу әрекетінің дағдыларын дамыту мақсатында оқытылады. Курс арнайы әдебиеттермен жұмыс істеуді, ауызша және жазбаша екі	4		+										

NN п/п	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредитер саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)											
				ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12
		жақты аударма тәжірибесін үйретуге арналған. Арнайы мақсаттағы шетел тілінің ерекшеліктері мен кәсіби сөйлеу нормалары мәселелері қарастырылады.													
Негізгі пәндер циклі Таңдау бойынша компонент															
D5	Этнологиялық зерттеулердің жаңа тұжырымдамалары Ерте және қазіргі Қазақстандағы этникалық және этномәдени процестер	Пәннің мақсаты қазіргі этнология ғылымының негізгі тәсілдерімен, тұжырымдамаларымен, зерттеу әдістерімен таныстыру. Пән этнологиядағы соңғы концепциялар бойынша білімді қалыптастыруға, дүние жүзі халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеудің теориялық аспектілерін анықтауға, жетекші этнолог, этнографтар жетекшілік ететін ғылыми мектептер мен бағыттардың қызметімен танысуға ықпал етеді. Бұл пән шеңберінде магистранттар этногенетикалық үрдістер, этногенез және этникалық тарих мәселелерін, сонымен қатар Қазақстан халықтарының этникалық құрамын оқып біледі. Сонымен бірге этнографиялық зерттеулер негіздерімен және этногенетикалық, этникалық құбылыстарды жіктеудің жалпы жүйесімен танысады.	5				+				+				
D6	Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру Гуманитарлық	Зияткерлік қызмет нәтижелерін қоса алғанда, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін қолдану бойынша дағдыларды қалыптастыру және табыс алуға бағытталған жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестер мен қызметтерді нарыққа шығару мақсатында өндіріске ғылыми әзірлемелер мен технологияларды енгізу мақсатында оқытылады. Курсты оқу барысында студенттер гуманитарлық ғылымдар саласындағы	5			+							+		

NN п/п	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредитер саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)													
				ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12		
	ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау	ғылыми зерттеу әдістері туралы біледі. Ғылыми зерттеу процесінің логикасы, зерттеу идеясы және оның негізгі кезеңдері, зерттеу процесінің кезеңдерінің құрылымы мен мазмұны, ғылыми жұмыстарды дайындау бойынша жалпы ұсыныстар және зерттеу қолжазбасында жұмыс істеу әдістемесі қарастырылады.				+	+							+			
D7	Отандық тарихты оқыту әдістемесіндегі инновация Қазақстандағы жоғары мектептің даму тарихы	Курсты игеру барысында білім алушылар педагогикалық ой-пікірлердің қалыптасу және даму тарихын, көзқарастарын, ағартушылар мен педагогтар жүйесін меңгеріп, олардың қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына әсерін талдайды. Курс ғылыми көзқарасты қалыптастырып, педагогикалық құбылыстарға тарихи көзқараспен қарауды қамтамасыз етіп, оларды педагогикалық категориялар бойынша ойлауға, генезисін қадағалап, түсінуге үйретеді. Пәннің мақсаты – Қазақстан Республикасындағы жоғары білім беру жүйесінің даму тарихын оқыту. Келесі аспектілер зерделенеді: дүние жүзіндегі жоғары білімнің дамуының негізгі тенденциялары, жоғары білім беру жүйесін дамытудың нормативтік-құқықтық базасы, Болон процесінің даму тарихы және оның Қазақстанда жүзеге асырылуы, ЖОО менеджменті мәселелері және т.б.	5				+	+					+				
Бейіндік пәндер циклі ЖОО компоненті																	
D8	Педагогикалық ойдың тарихы	Курсты игеру барысында білім алушылар педагогикалық ой-пікірлердің қалыптасу және даму тарихын, көзқарастарын, ағартушылар мен педагогтар жүйесін меңгеріп, олардың қоғамның әлеуметтік-	4	+										+			

NN п/п	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредитер саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)											
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12
		экономикалық және мәдени дамуына әсерін талдайды. Курс ғылыми көзқарасты қалыптастырып, педагогикалық құбылыстарға тарихи көзқараспен қарауды қамтамасыз етіп, оларды педагогикалық категориялар бойынша ойлауға, генезисін қадағалап, түсінуге үйретеді.													
D9	Жоғары мектепте тарихты оқыту әдістемесі	Пән бойынша университеттердің құрылу тарихы, ортағасырлық университеттер зерттеледі. Сондай-ақ, жоғары мектептің мақсаты мен міндеттері, Білім беру құрылымы, білім беру деңгейлері, оқу орындарының түрлері, ҚР-дағы білім беру саясатының заңдылықтары мен қайшылықтары қарастырылады. Студенттік әлеуметтік топ ретінде зерттеледі, оның психологиялық ерекшеліктері, жоғары мектептің педагогикасы мен психологиясы, олардың мамандар даярлаудағы рөлі, университетте оқытудың ұйымдастырушылық формалары және оқытудың заманауи технологиялары жалпы сипаттама болып табылады.	4					+					+		
D10	Еуразияшылдық: теория және практика	Оқу пәнінде Еуразиялық идеяның пайда болу тарихы мен дамуы, қазіргі кездегі оның эволюциясы, қазіргі қоғамдық-саяси өмірдегі Еуразиялық идеяның рөлі мен маңызы туралы жалпы түсінік беріледі. Қазақстан Республикасының Еуразиялық жобасының тарихы мен іске асырылуы ерекше орын алады. Еуразияшылдық және Еуразиялық ағымдар идеяларының тарихы мен эволюциясы. Қазақстанның Еуразиялық жобасының мазмұны мен іске асырылуы. Орталық Азияның өткен және қазіргі этномәдени үдерістерге әлемдік қоғамдастыққа кірігуі.	4						+	+					

Бейіндік пәндер циклі

NN п/п	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредитер саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)											
				ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12
Таңдау бойынша компонент															
D11	Қазақстанның мәдени мұрасы: деректер мен қазіргі жағдайы (ағылшынша) Қазақстандағы XX ғасырдағы тоталитарлық режим	<p>Пән бойынша магистранттар материалдық және материалдық емес мәдени мұраны қорғау саласындағы әлемдік және ұлттық заңнаманы, Қазақстан Республикасының мәдени саясат тұжырымдамасын зерделейді. Сондай-ақ, ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміндегі қазақстандық нысандар, "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы, кластерлік тәсіл және мәдени мұраны сақтаудағы мұражайлар қарастырылады.</p> <p>Пән бойынша мәселенің теориялық және әдіснамалық аспектілері: тарихнама, деректану және әдістемесі қарастырылады. Қазақстанда тоталитарлық режимнің қалыптасуы, ұлттық зиялы қауымға қарсы большевиктік террор, Қазақстан аумағында лагерь жүйесінің қалыптасуы, XX ғасырдың бірінші жартысындағы саяси қуғын-сүргін, КСРО халықтарының Қазақстанға күштеп жер аударылуы, XX ғасырдың 70-80 жылдарындағы тоталитарлық жүйеге қарсылық және тоталитарлық жүйенің күйреуі зерделенеді.</p>	4		+						+				
D12	Қазақстан тарихы шетел деректерінде	<p>Пән бойынша Қазақстан тарихының деректері, еуропалық деректер зерделенеді. Сондай-ақ, Қазақстан тарихы бойынша неміс авторларының еңбектері, француз авторларының еңбектеріндегі Қазақстан тарихының мәселелері, Қазақстан тарихы бойынша ағылшын тіліндегі деректер және Қазақстан тарихының орыс шежірелеріндегі мәліметтері талданады.</p> <p>Осы пән аясында магистрант қазақ</p>	4						+		+			+	

NN п/п	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредитер саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)											
				ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12
	Қазақ интеллигенциясының қалыптасу тарихы	халқының жалпы мәдени және саяси өзіндік бірегейленуінде ерекше рөл атқарған XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының тарихын зерделейді. Демократиялық, либералдық-реформистік бағыттағы қазақ зиялыларының тарихы қарастырылады. XX ғасыр басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси бірлестіктердің қалыптасу және даму тарихы, мақсаттары, міндеттері зерделенеді.							+		+		+		
D13	Тарихтың заманауи теориялық мәселелері Тарих ғылымының методологиясы	Пәннің мақсаты - тарихтың заманауи теориялық мәселелерін зерделеу. Пән аясында XX ғасырдың екінші жартысы – XXI ғасырдың басындағы тарихнамадағы өткенді зерттеудің микро - және макро тарих, тарихи өмірбаян, өлеуметтік, гендерлік, мәдени және зияткерлік тарих, есте сақтау тарихы, тарихи сана атты жаңа нұсқаларын тудырған теориялық бұрылыстардың шарттары мен салдары қарастырылады. Тарих ғылымының пәні мен объектісі, тарих әдістемесінің қалыптасуы мен дамуының кезеңдері, негізгі тенденциялары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Пән келесі мәселелерді де қарастырады: тарихи білімнің түрлері мен критерийлері; ғылыми білімнің құрылымы; тарихи зерттеу әдістері; тарихи танымның әдістері; тарихи зерттеулердің принциптері мен тәсілдері; тарихтың қазіргі әдістемесінің негізгі бағыттары.	4						+	+			+		
D14	Қазақстан тарихы тарихнамасының өзекті мәселелері	Пән бойынша Қазақстан тарихы тарихнамасының өзекті мәселелері қарастырылады. Сондай-ақ, "Қазақстан тарихы тарихнамасының өзекті мәселелері" пәнінің әлеуметтік-гуманитарлық пәндер циклін зерделеудегі	6										+	+	+

NN п/п	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредитер саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)														
				ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12			
	XX ғасырдағы Ресей мен КСРО сыртқы саясатының өзекті мәселелері	орны мен рөлі, Қазақстан тарихнамасын тарих ғылымының саласы ретінде зерделеудің маңызы оқытылады. Курсты оқу барысында магистранттар келесі аспектілер жайлы ақпарат алады: тарихнаманың пәні мен міндеттері, кезеңдеу, критерийлер, әдістеме, қазіргі заманмен байланысы, тарих ғылымының әлеуметтік функциялары мен даму ерекшеліктері. Пән бойынша XX ғасырдың басындағы Ресейдің сыртқы саясатының әртүрлі тұжырымдамалары оқытылады. Сонымен қатар Еуропадағы, Таяу Шығыстағы, Орталық Азия мен Қиыр Шығыстағы Ресейдің сыртқы саясатының идеялық шабыттандырушылары мен негізгі бағыттары. Кеңес мемлекетінің сыртқы саясатының негіздері де зерделенеді.																
D15	Шетелдік тарихнамадағы жаңа бағыттар Ресей мен Кеңес мемлекетінің тарихы	Бұл курста қазіргі пәнаралық зерттеулер аясында тарихи таным ерекшеліктері, тарихнамадағы қазіргі заманғы бағыттар, тарихи зерттеу деңгейлері талданады. Әсіресе, макротория, микроистория, тарихнама және күнделікті әдістемеліктің мәселелері баяндалады. Жалпы, курс Негізгі шетел мектептерімен және тарихнамадағы бағыттармен таныстырады. "Ресей және Кеңес мемлекетінің тарихы" пәнін оқу барысында Ресейдің тарихи даму тұжырымдамасы зерделенеді. Сондай-ақ келесі мәселелер қарастырылады: Ресей тарихының кезеңділігі, мемлекеттік билік формаларының эволюциясы, Ресей қоғамының әлеуметтік құрылымының динамикасы, Ресей тарихындағы крепостнойлық феномены, XIX-XX ғғ.	5						+					+				+

NN п/п	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредитер саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)												
				ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12	
		тоғысындағы Ресейдің әлеуметтік-саяси дамуының баламалары және жаңа және қазіргі замандағы орыс қоғамының модернизациясы.														
D16	Әлемдік интеграция және жаһандану: өркениеттік аспектісі (ағылшынша) Диаспорология	«Әлемдік интеграция және жаһандану: өркениеттік аспект» пәні өркениет феномені, жаһандану және интеграция үдерістерін қазіргі заманғы әлемдік қоғамдастыққа тән өзара байланысты үдерістер ретінде қарастырады сонымен бірге жаһандану мен интеграцияның өркениеттің дамуына әсерін талдайды. Нақты курс бойынша миграциялық үрдістердің негізгі теориялары, әлемдегі және жекелеген аймақтардағы миграциялық үрдістердің даму барысы, негізгі бағыттары қарастырылады.	5		+				+							
Практика																
D17	Педагогикалық практика	Оқу сабақтарын ұйымдастыру және жобалау бойынша әдістемелік жұмыстарды жүзеге асыру; сабақ барысында аудитория алдында сөз сөйлеу және шығармашылық атмосфера құру; - педагогикалық қызметте туындайтын қиындықтарды талдау және оларды шешу бойынша іс - қимыл жоспарын қабылдау;- психологиялық - педагогикалық зерттеулерді дербес жүргізу; - педагогикалық қызмет процесі мен нәтижесін өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау. оқу материалының мақсаттары мен мазмұнына сай келетін оқыту әдістері мен құралдарын таңдау.	4	+		+				+						
D18	Зерттеу практикасы	Отандық және шетелдік ғылымның теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерін зерделеу, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін қолданудың практикалық дағдыларын бекіту,	13											+	+	

NN п/п	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредитер саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)														
				ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12			
		диссертациялық зерттеуде эксперименттік деректерді өңдеу және түсіндіру.																
Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы МҒЗЖ																		
D19	Тағылымдамадан өтуді және магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда, магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	Зерттеу жұмысы магистранттың әр семестрдегі өзіндік жұмысының негізгі түрі болып табылады және ең алдымен магистранттың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырады. Ғылыми зерттеу-бұл жаңа ғылыми білім алу процесі, танымдық іс-әрекеттің бір түрі. Ғылыми зерттеу нақты жеке мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған қолданбалы сипатта болуы мүмкін немесе тікелей қолдану перспективаларына қарамастан жаңа білім өндіруді білдіретін іргелі сипатта болуы мүмкін.	24													+	+	+
Қорытынды аттестатау																		
D20	Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау	Библиография құрастыру. Дереккөздерді талдау. Тарихи шолу жазу. Зерттеудің құрылымын, жоспарын, мақсаты мен міндеттерін, өзектілігін анықтау. Магистрлік жұмыстың ғылыми-практикалық маңызы. Зерттеу әдістерін таңдау. Әдістемелік негізді анықтау. Қорытындылар мен қорытындыларды тұжырымдау. Диссертацияның негізгі тарауларын жазу.	8														+	

20. Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН)

Оқыту нәтижелері	Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері (ЖОН)	Оқыту нәтижелері	Бағалау әдістері
ЖОН 1	Магистрлік диссертацияны жазу және ресімдеу бойынша әдістемелік нұсқауларға сәйкес ғылыми зерттеуді орындайды, дүниетанымдық сипаттағы білімі бар.	Интерактивті дәріс	тест
ЖОН 2	Қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын іске асыруға ықпал ететін ғылым тарихы мен философиясының, жоғары мектеп педагогикасы мен басқару психологиясының өзекті білімдерін көрсетеді.	кейс-әдістер	коллоквиум

ЖОН 3	Тарих әдіснамасы мен тарих ғылымының әлеуметтік функцияларының рөлі мен маңызына баға береді, тарихи деректерді ішкі және сыртқы сыннан өткізіп, XX ғасырдағы қоғамдық-саяси қозғалыстардың қалыптасу процесін талдайды.	Жобалық оқыту	презентациялар
ЖОН 4	Ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды, ғылыми зерттеу процесінің логикасын құруды, зерттеу процесінің кезеңдерінің құрылымы мен мазмұнын құрастыруды біледі.	дискуссия	Жоба әзірлеу
ЖОН 5	Кәсіби қызметтің міндеттерін шешу үшін үш тілде ауызша және вербалды емес нысанда еркін, қол жетімді және сенімді коммуникацияға түсе алады.	төңкерілген класс (Flipped Class)	Эссе жаазу
ЖОН 6	Әртүрлі қызмет түрлерінде АКТ-ны пайдалану білімі мен дағдыларын меңгерген.	Деректердің түрлі кешендерімен топтық жұмыс	бірге оқыту" стратегиясы
ЖОН 7	Ғылыми бағытты, тақырыпты, гипотезаны, ғылыми-зерттеу, магистрлік жұмыстарды жазудың әдіснамалық тәсілдерін айқындауда іскерліктерін көрсетеді.	әсер етуші факторларды талдау және есепке алу әдісі	құзыреттілікке бағытталған тесттер
ЖОН 8	Қазіргі демографиялық құбылыстар мен процестердің, тарихи даму мен урбанистиканың негізгі терминдерін, ұғымдарын, категорияларын, факторларын, тенденциялары мен заңдылықтарын пайдаланады.	белгілі бір тақырып бойынша тәуелсіз зерттеу	реферат
ЖОН 9	Практикалық қызмет барысында өзінің кәсіби дайындық деңгейін бағалайды.	Имитациялық-рөлдік ойындарға негізделген топтық сабақтар	Іскерлік ойындар
ЖОН 10	Архивтану ісі мен музейтанудың өзекті мәселелері, Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарының қалыптасу тарихы, этнология мен этникалық тарихтың жаңа ұғымдары бойынша білімдерін көрсетеді.	Сократтық диалог	коллоквиум
ЖОН 11	Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының педагогикалық процесін ұйымдастыру, жоспарлау мен басқаруда тұлғаға бағытталған және технологиялық тәсіл дағдыларын меңгереді.	талқылау және пікірталас	баяндама
ЖОН 12	Шетелдік және отандық тарих пен ғылым философиясының даму үрдістерін философиялық талдау негізінде қазіргі ғылыми білімнің өзекті бағыттары бойынша өзіндік зерттеу ұстанымын дәлелдейді.	ғылыми әдебиеттерді салыстырмалы талдау	Жазбаша жұмыс

21. Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері

ОН кодтары	Критерийлер
ЖОН 1	қазақстандық қоғамды табысты жаңғыртудың негізгі факторларын және оның кросс-мәдени аспектііндегі ерекшелігін біледі.
	философиялық ұғымдарды, тұжырымдамаларды, қағидаларды талдау мәселелерінде өздігінен бағдарлай білу, білім алушылардың қабілеттілік деңгейін анықтай білу, жеке тұлға мен ұжымды басқару психологиясын білу, дәріс және практикалық сабақтар, СӨЖ,СӨЖ үшін оқу-әдістемелік, дидактикалық материалдарды әзірлеуді істей алады.

	ғылымның тарихы мен философиясының, жоғары мектеп педагогикасының, басқару психологиясының өзекті мәселелерін меңгерген.
ЖОН 2	шетелдік дерек көздерден кәсіби ақпарат алу және жалпы және кәсіби деңгейде қарапайым қарым-қатынас жасау үшін қажетті көлемде шет тілін біледі.
	тұлғааралық қарым-қатынаста және кәсіби қызметте шет тілін қолдана білу; әңгіме барысында өз ойларын еркін білдіруді және сұхбаттасушының шет тіліндегі сөзін түсіну; шет тілінде жазбаша қарым-қатынас жасау, іскерлік хаттар құрастыруды істей алады.
	шет тілінде тұлғааралық, іскерлік және кәсіби қарым-қатынаста өз ойлары мен пікірлерін білдіру дағдыларын; шет тілінде сөйлеу әрекетінің (оқу, жазу, сөйлеу, тыңдау) әртүрлі дағдыларын меңгерген.
ЖОН 3	ғылыми зерттеулерді коммерцияландырудың негізгі ұғымдарын және олардың өзара байланысын; ЖОО ғылыми әзірлемелері мен технологияларын коммерцияландыру әдіснамасын біледі.
	инновациялық жобаға қатысушылардың, магистранттардың өзара іс-қимыл процестерін тиімді педагогикалық қызметті ұйымдастырудың теориялық және практикалық аспектілерінде өз бетінше бағдарлауды істей алады.
	коммерциялық әлеуеті бар жаңа технологияларды меңгеру және ғылыми қызмет нәтижелерін іске асыру үшін жаңа мүмкіндіктерді меңгерген.
ЖОН 4	тарихи және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар әдіснамасының заманауи мәселелерін біледі.
	ғылыми-педагогикалық қызметте оқу-танымдық, ғылыми-зерттеу, кәсіби-шығармашылық өзіндік дайындықты біріктіруді істей алады.
	ақпараттық және білім беру технологиялары негізінде өз білімін кеңейту дағдыларын, ЖОО-да білім беру процестерін ұйымдастыру және басқаруды меңгерген.
ЖОН 5	талдау және синтездеу, индукция және дедукция, салыстыру және т.б. ғылыми зерттеу әдістерін қолдануды, оқытылатын пәндерге шығармашылық және тәуелсіз көзқарасты ынталандыруды біледі.
ЖОН 6	АКТ қолданудың теорияларын, негізгі категориялары мен әдістерін меңгерген.
ЖОН 7	жаңа инновациялық-әдістемелік технологияларды және оқытудың белсенді әдістерін, студенттермен қарым-қатынас психологиясы мен педагогикасын біледі.
	ғылыми-педагогикалық қызметте оқу-танымдық, ғылыми-зерттеу, кәсіби-шығармашылық өзіндік дайындықты істей алады.
	сыни ойлау әдістерін, тарихи ғылымның өзекті мәселелерін қою мен шешудің хронологиялық жүйелілігі мен кешенділігін меңгерген.
ЖОН 8	архивтану мен музейтану саласындағы нормативтік құжаттарды біледі.
	Қазақстан архив, музей ісі саласындағы қолданыстағы нормативтік актілермен жұмыс істей алады.
	архив құжаттарымен және музей қорларымен жұмыс істеу әдістерін меңгерген.
ЖОН 9	тиімді педагогикалық қызметті ұйымдастырудың теориялық және практикалық аспектілерін еркін бағдарлай біледі.
ЖОН 10	мамандандыру шеңберіндегі іргелі ғылымдардың негіздерін, ғылыми нәтижелерді ұсынуға және ресімдеуге қойылатын талаптарды біледі.
	білім беру жағдайын талдай білу, негізделген шешімдер қабылдау, олардың әлеуметтік салдарын болжау; ғылыми тұжырымдарды логикалық түрде дәлелдеу, алынған материалды жалпылау, ғылыми мақалалар жаза алады.
	тарих ғылымының теорияларын, негізгі категориялары мен әдістерін меңгерген.
ЖОН 11	магистрлік диссертация құрылымының мақсаты мен міндеттерін, пән, объект, ғылыми зерттеуді жазу және рәсімдеу бойынша негізгі талаптарды біледі.
	ғылыми жұмыс гипотезасын тұжырымдай білу, зерттеу әдістерін таңдау (жалпы ғылыми және арнайы), жоспар құру және ғылыми ізденістің құрылымы мен кезеңдерін анықтауды істей алады.
	магистрлік диссертацияны қорғау кезінде қойылған тақырып бойынша дереккөздермен және ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу дағдыларын, шешендік шеберлігін меңгерген.
ЖОН 12	тарихи зерттеулердегі құрылымды, принциптерді, категориялық аппаратты, әдіснамалық тәсілдерді біледі.
	ғылыми білімді қалыптастырудың әртүрлі кезеңдерін бөліп, талдай білу; ғылыми тарихи танымның қазіргі заманғы тәсілдерін талдауды жүзеге

	асыруды істей алады.
	ғылыми зерттеу әдістерін, талдау және синтез, индукция және дедукция, салыстырмалы талдау және Клиометрияны меңгерген.

22. Түлек моделі

Түлектің атрибуттары:

Тарихты оқыту саласындағы жоғары кәсіби деңгей

Эмоционалды интеллект

Жаһандық қауіп-қатерлерге қарсы бейімділігі

Көшбасшылық және жауапкершілікті алу мүмкіндігі

Жаһандық азаматтық

Академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің маңызын түсіну

Құзыреттілік түрлері	Құзыреттердің сипаттамасы
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills)	Магистрлік диссертацияны жазу және ресімдеу бойынша әдістемелік нұсқауларға сәйкес ғылыми зерттеуді орындайды, дүниетанымдық сипаттағы білімі бар.
	Қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын іске асыруға ықпал ететін ғылым тарихы мен философиясының, жоғары мектеп педагогикасы мен басқару психологиясының өзекті білімдерін көрсетеді.
	Тарих әдіснамасы мен тарих ғылымының әлеуметтік функцияларының ролі мен маңызына баға береді, тарихи деректерді ішкі және сыртқы сыннан өткізіп, ХХ ғасырдағы қоғамдық-саяси қозғалыстардың қалыптасу процесін талдайды.
	Ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды, ғылыми зерттеу процесінің логикасын құруды, зерттеу процесінің кезеңдерінің құрылымы мен мазмұнын құрастыруды біледі.
	Кәсіби қызметтің міндеттерін шешу үшін үш тілде ауызша және вербалды емес нысанда еркін, қол жетімді және сенімді коммуникацияға түсе алады.
2. Цифрлық құзыреттіліктер: (Digital skills)	Әртүрлі қызмет түрлерінде АКТ-ны пайдалану білімі мен дағдыларын меңгерген.
	Ғылыми бағытты, тақырыпты, гипотезаны, ғылыми-зерттеу, магистрлік жұмыстарды жазудың әдіснамалық тәсілдерін айқындауда іскерліктерін көрсетеді.
3. Кәсіби құзыреттіліктер: (Hardskills)	Қазіргі демографиялық құбылыстар мен процестердің, тарихи даму мен урбанистиканың негізгі терминдерін, ұғымдарын, категорияларын, факторларын, тенденциялары мен заңдылықтарын пайдаланады.
	Практикалық қызмет барысында өзінің кәсіби дайындық деңгейін бағалайды.
	Архивтану ісі мен музейтанудың өзекті мәселелері, Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарының қалыптасу тарихы, этнология мен этникалық тарихтың жаңа ұғымдары бойынша білімдерін көрсетеді.
	Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының педагогикалық процесін ұйымдастыру, жоспарлау мен басқаруда тұлғаға бағытталған және технологиялық тәсіл дағдыларын меңгереді.

Шетелдік және отандық тарих пен ғылым философиясының даму үрдістерін философиялық талдау негізінде қазіргі ғылыми білімнің өзекті бағыттары бойынша өзіндік зерттеу ұстанымын дәлелдейді.

Құрастырғандар:

Жұмыс тобының мүшелері:

Археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының меңгерушісі, PhD, профессор ассистенті

Болотов К.Т.

Археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының профессоры, т.ғ.к.

Шотбаева Л.К.

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназия» КММ тарих пәнінің мұғалімі

Сатанов Б.

М-ИО-22-1к тобының магистранты

Есенбаев А.Д.

Ескерту:

Білім беру бағдарламасы факультет Кеңесінде қарастырылған және ұсынылған «29» 03 2024 ж. Хаттама № 8

Білім беру бағдарламасы Академиялық Кеңесінің отырысында қарастырылған және бекітуге ұсынылған «29» 04 2024 ж. Хаттама № 5

Білім беру бағдарламасы Басқарма отырысында қарастырылған және бекітілген «24» 05 2024 ж. Хаттама № 8

Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор

М.М. Умуркулова

Академиялық жұмыс департаментінің директоры

Т.М. Хасенова

Тарих факультетінің деканы

Д.А. Джумабеков

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ ЖОСПАРЫ

7M01601-Тарих

Жоспардың мақсаты – еңбек нарығының өзекті талаптары мен қазіргі заманғы ғылымның жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайларының сапасын арттыруға жәрдемдесу.

Мақсатты индикаторлар

№	Индикаторлар	Өлшем бірл.	2023-2024	2024-2025	2025-2026	2026-2027
1	Кадрлық потенциалды дамыту					
1.1	Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі	Адам саны	2	1	1	-
1.2	Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру	Адам саны	-	1	-	-
1.3	Оқытуға практик-мамандарды тарту немесе қонақ дәрістер	Адам саны	2	1	1	1
2	Рейтингтердегі БББ жылжыту					
2.1	НАОКО	Позициясы	үздік 5-ке	үздік 4-ке	үздік 3-ке	
2.2	НААР	Позициясы	үздік 5-ке	үздік 4-ке	үздік 3-ке	
3.	Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу					
3.1	Оқу құралы	Саны	-	-	1	-
3.2	Оқу құралдары	Саны	-	1	-	1
3.3	Әдістемелік ұсынымдар / нұсқау	Саны	-	-	1	-
3.4	Электронды оқулық	Саны	-	-	1	-
3.5	Видео/аудиодеріс	Саны	-	-	-	1
4.	Оқу және зертханалық базаны дамыту	Саны				
4.1	Бағдарламалық өнімдерді сатып алу	Саны	1	-	-	-
4.2	Жабдықтарды сатып алу	Саны	2	-	-	-
5.	БББ мазмұнын өзектендіру					
5.1	Еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктерін, кәсіптік стандарттарды ескере отырып, оқыту нәтижелерін және пәндер	Жыл	-	+	-	-

	тізбесін жаңарту					
5.2	БББ-на шет тілдеріндегі оқу пәндерін енгізу*	Жыл	-	-	+	-
5.3	Оқытудың жаңа әдістерін енгізу		-	-	-	+

Археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының меңгерушісі



Бодеев К.Т.